

Байсариева Г.О.

Аға ғылыми қызметкер. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОТЫРАР ЖӘНЕ Л.Б. ЕРЗАКОВИЧ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 ж. жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарына» түсінік берілген. «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жеті-судың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрай-ды» [1] деп бағыт бағдар берілген. Осы мақалада көрсетілген нысандарға, жалпы Қазақстан аумағындағы киелі, тарихи жерлерді зерттеп тану, ұрпаққа таныту бағытында археологтар елеулі еңбек етті. Олардың қатарында Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович, басқа да ғалымдар болды.

Қазақ ССР-ның Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Отырар археологиялық экспедициясы 1969 – 1970 жж. Отырардың орталық бөлігіндегі төбенің солтүстік-батыс шетінен стратиграфиялық кесінді қазды. Отырар рабадында барлау мақсатында үш шағын шурф салынды. Сол кездегі Қазақстан археологиясының басшысы К.А.Ақышев Отырардағы басты қазба жұмыстарды Л.Б.Ерзаковичқа тапсырды. Отырардағы қазбалар басталмай тұрып Л.Б. Ерзакович далалық қазба жұмыстарын жүргізудің тамаша мектебінен өтті, білікті мамандармен бірге қызмет етіп үлкен тәжірибе жинақтады. Ол Солтүстік Тәжікстандық археологиялық экспедицияның Пянджикент тобында (1963–1970 жж.), КСРО-ның Ғылым Академиясының Археология институтының Ленинградтық бөлімінің Астрахань археологиялық экспедициясы құрамында (1966, 1968 жж.) далалық зерттеу жұмыстарға қатысып көне қала орындарындағы археологиялық қазба тәсілдерін меңгерді. 1966 жылы КСРО-ның Ғылым Академиясының Археология институтының Ленинградтық бөлімінің Ғылыми Кеңесі отырысында Л.Б. Ерзакович «Оңтүстік Қазақстанның монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде (XIII-XVIII ғғ.)» – «Города Южного Казахстана в период послемонгольского нашествия (XIII-XVIII вв.)» [2] – атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Л.Б.Ерзаковичтың Созақтағы зерттеулері Қазақстан археологиясында үлкен жаңалық болды. Бұл жұмыстар сөз жоқ, Созақ қаласының тарихын тереңдетумен қатар жалпы археологиямыз үшін аса маңызды болды. Археолог алғаш рет Оңтүстік Қазақстан аумағында арнайы кейінгі ортағасырлық (олардың ішінде Қазақ хандығы заманы) қабаттарды қазып зерттеді. Алғаш рет Созақтағы қазба материалдары негізінде жүйелі түрде кейінгі ортағасырлық керамика, құрылыс қабаттар, тұрғын үй элементтері сипатталды, нақты қазба барысында табылған археологиялық материал тарихи дерек ретінде қаралып көшпелілердің ықпалы туралы мәселелер қойылды. Бұл Қазақстанда кейінгі ортағасырлық қалалық археология саласындағы алғашқы жұмыстардың бірі болатын. Отырар мен басқа да Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалаларын зерттеуге қаланған бір фундамент десе болады.

Отырар туралы материал К.М. Байпақов пен Л.Б. Ерзаковичтың бірлесіп жазған Қазақстанның көне қалалары (олардың ішінде Отырар да бар) жөнінде жеке кітапшада [3] кездеседі. Кітаптың бір бабы Отырарға арналып «Отырар ойраны» деп аталады. Онда Отырарға қатысты біртоп жазба деректер келтіріліп Отырар үйінділері сипатталады. Отырардың үсті керамика сынықтарынан құралған «кілем» іспеті. Аяғында қазба жұмысы тайяу арада басталмақ деген оймен аяқталады. Кітапта Арыстанбаб XIX ғасырда қайта тұрғызылған деп айтуына орай жалпы кесене өте байырғы деген ой айтылады [3, с. 159].

Отырадағы алғашқы зерттеу нәтижелері 1972 жылы Кемел Ақышев, К.М. Байпаков, Л.Б. Ермакович жазған «Ежелгі Отыра» аты монографиялық зерттеудің орын алды [4]. Монографияда ОККАЭ-ның Оңтүстік Қазақстан аумағында жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері баян етілді. Қытап кіріспеден және 4 тараудан, қорытындыдан тұрады. Алғымсөзде Сырдарияның орта ағысының физикалық-географиялық сипаттамасы, аталған аймақтың зерттеу тарихы әңгімеленді. Алғашқы тарауда ортағасырлық Отырада қатысты сол кезде белгілі жазба деректерді мәліметтер және қала топографиясы қаралады. II тарауда Отырада жасалған стратиграфиялық шұрф нәтижелері сипатталды, табылған керамика, құрылыс қалдықтары сипатталды, ар қабаттың уақыты белгіленіп, табылымдар сипатталды, анықталған ескерткіштерді ежелгі және ортағасырлық этникалық топтармен сәйкестендіру мәселелері қарастырылды. Отырада белгі кесінді – Қазақстан археологиясында XVIII ғасырдан бастап бірінші ғасырға дейінгі қалың мәдени қабатқа жасалған алғаш кесік болды. Кесіндіні қазу барысында 14 құрылыс қабаттары құжатталды. XXI ғасырдан кейін XXXI ғасырға дейінгі 14 құрылыс қабаттары кездескен ылыстарға, басқа да табылымдарға жалпы шолу екінің тараудың екінші бөлігінде баяндалды.

III тарауда Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Сырдария, Арыс, Бөген аңғарларындағы және Қаратаудың солтүстік және оңтүстік беткейлеріндегі ескерткіштердің сипаттамалары мен тіршілік еткен мерзімі баптарда берілді. IV тарауда Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі жәдігерлердің этникалық атрибуция мәселесі талқыға түседі. Қорытынды бөлімінде Отыра, Оңтүстік Қазақстан мен жалпы Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері талқыланады. Еңбекте Оңтүстік Қазақстан аймағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында жинақталған жана материалдар негізінде Қазақстан археологиясының біртөп теориялық мәселелері қаралды, жана қорытындылар жасалып, жана болжамдар айтылды. Отырадағы бір жарым мыңжылдық стратиграфиялық ұстыны (колонкасы) Қазақстан археологиясы үшін тың жаналық болды. Стратиграфиялық ұстын нәтижелері басқа археологиялық табылымдардың уақытын нақтылауға, салыстыруға, т.б. зерттеу әдістеріне жол ашты.

ОККАЭ-сы Қазақстанда бірінші рет Отырадағы орталық бөлігінде кен көлемді жазба жұмыстарын жүргізді. Отырадағы археологиялық қазбаларды негізінен кейінгі ортағасыр дәуірі ескерткіштерінің жетекші маманы Л.Б. Ермакович атқарды. 1971-1976 жж. Отырадағы XVI-XVIII ғғ. жататын қабаттың шамамен жеті га ауданы, яғни, кейінгі ортағасырлық Отыра қаласының үштен бір бөлігі аршылды. Бұл Қазақ ССР-ның Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ОККАЭ-ның мамандарының Отыра мен тарихи мәселелерді терең зерттей түсуіне кен мүмкіншілік тұғызды. 1971 ж. Қазақ ССР-ның Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография және этнография институтының ОККАЭ-ның мамандары Отырадағы қабаттың кен түрде зерттеуді қолға алды. Қалашықтың солтүстік-шығыс бөлігінде ауданы 7500 шаршы м (150 x 50 м) қазба түсті. 1972 жылы осы қазба орны 15 000 шаршы м етіп кеңейтілді (150 x 100 м). Тұрғын жайларды қазу барысында XVI ғасырдың жиырма үш мыс теңгесі, XVII ғ. үш мыс теңгесі, XVII ғасырдың ортасына жататын Имам-құл ханның он екі күміс теңгесінен тұратын көмбе, Жүніскожанын екі теңгесі (XVIII ғ. аяғы) зерттеушілердің қолына ілінді. Қазба барысында табылған тұрғын жайлар орнамы сипатталып Отыра қалашығының XVI-XVIII ғғ. керамикасы мен XVII-XVIII ғғ. керамикасы үлгілері алғаш рет суреттелді, олардың сызбалары берілді [5, с. 156-157]. Кемел Ақышев, К.М. Байпаков, Л.Б. Ермакович бірлесіп жазған мақалада Отырадағы 1971-1973 жж. жүргізілген қазба есебін нәтижелері жарияланды. Қалашық үстінде үш көлемді (150 x 100 м; 50 x 50 м; 150 x 100 м) қазба орындар қазылды.

Отырардағы археологиялық қазба төмендегі тәсілдерге негізделді. Отырартөбедегі қазба 50 м шаршыларға бөлінді. Өз кезегінде шаршылар 10 x 10 м және 2 x 2 м бөлінді. Бұл үстіңгі қабатардағы материалдарды құжаттау үшін жасалды. Кейін қазылған үй орындары нөмірленіп материалдарды фиксация бөлмелер ішінде жүргізілді. Әр үй, оның элементтері, көше, аула, алаң нөмірленіп белгіленді. Қазба барысында Отырардың орамы (кварталы) қандай деген сұраққа жауап алынды. Зерттеушілердің тұжырымынша Отырар орамы деген ұғым бір шағын алаңға немесе шағын көшеге есіктері бағытталған үйлер тобы аталады. Квартал әдетте төртбұрышты үлгіде болып келеді деп санады археологтар [6, с. 3–48].

1974 ж. Қазақ ССР-ның Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ОҚКАЭ мүшелері Отырартөбенің шығыс бөлігінде ауданы (150 x 50 м) 7500 шаршы м қазба салды. Шығыс бөлігінде ол қорған қабырғасына, батысында қаланың магистральды жолына тіреліп тұрды. Археологиялық есептерде бұл қазба орны IV деп белгіленді. Қазба барысында екі құрылыс қабаты – XVI ғ. – XVII ғ. бірінші жартысы және XVII ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. қамтып зерттелді. Жоғарғы құрылыс қабаты тек кейбір бөліктерде сақталса, негізгі (төменгі) қабаттың сақталуы толық болып шықты [7, с. 5]. 1974 ж. археологиялық қазбалар барысында кейінгі ортағасырлық шаһар орамдарының колөнерлік тұрғыдан мамандануы байқалып діни құрылыстары туралы жаңа да материалдар алынды. Л әрпімен белгіленген орамда ішінде керамика күйдіретін арнайы пештер – хұмдандар табылды [7, с. 9–12].

IV деп белгіленген қазбаның оңтүстік-батыс бөлігінде 200 шаршы м ауданды алып жатқа төрт бөлмеден тұратын үлкен құрылыс орны табылуы – ерекше атап өтуге тиісті жаңалық болды. Өкінішке орай үйдің батыс жағынан қыш алу мақсатында жасалған үлкен ойық-шұңқыр құрылысты бұзыр өткен. Құрылыстың бір бөлігі үлкен ауданды зал (10,1 x 8,5 м) болып шықты. Оған шығыс жағынан екі қатар анфилада іспетті бөлмелер қосылған. Құрылысқа кіретін есік орны батыс қабырға ортасында екен. Үйдің қарама қарсы шығыс қабырғасы ойықты –нишалармен безендірілген екен. Бұл құрылыс қала мешіті орны деп танылды [7, с. 9–12].

Отырартөбенің орталық бөлігіндегі III қазба орнында аршылған XIV ғасырдың аяғы мен XV ғ. басына жататын мәдени қабаты зерттеу нәтижелері жөнінде арнайы есеп жарияланды [8, с. 124–126].

Археолог Л.Б. Ерзакович далалық қазбаларының негізінде Отырар шаһарының кейінгі қабаттарының стратиграфиясы мен тіршілік мерзіміне терең талдау жасап, соңғы бүкілқалалық өрт қабатын анықтап қаланың XVI-XVIII ғасырлардағы тарихын археологиялық материалдармен шебер аша білді [9, с. 96–106]. Кейінгі ортағасырлық Отырардың тұрғын үйі жөнінде Кемел Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзаковичтердің көлемді зерттеуі Мәскеудегі Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнография институтының жинағында жарияланды. Онда қазба барысында табылған Отырар үйлерінің этнографиялық қазақы үйлермен байланысы көрсетілді [10, с. 121–136]. 1981 ж. Отырардың кейінгі ортағасырлық қабаттарының зерттеуі нәтижелері қорытындылып К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович үш автор болып жазған монографиялық кітап жарық көрді [11].

Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары атты жинақта кейінгі ортағасырлық Отырардың тұрғын жайлары этномәдени байланыстарды қалпына келтіруде тарихи дерек ретінде қарастырған Л.Б. Ерзаковичтың мақаласы жарық көрді. 1981 жылы Алматыда Қазақстан мен Орта Азияның XIII-XVIII ғасырлардың қалалық мәдениеті мәселелерін қарастырған үлкен конференцияда кейінгі ортағасырлық Отырардың орамдары туралы Л.Б. Ерзакович баяндама жасады [12].

1987 жылы Кемел Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзаковичтің «XIII-XV ғасырлардағы Отырар» атты зерттеу монографиясы жарық көрді. Еңбекте Отырардың XIII-XV ғасырлардың қабаттарын зерттеу барысында алынған материалдар негізінде тұрғын жайлары, ескерткіштің қабаттарының стратиграфиясы мен хронологиясы, шаһар

бөлікте
жолдар
мазар
Л.Б.

мен о
1988
халқын
XII ғғ.

айырма
қараст
1990

конфер
даму м
мақала

зерттеу
белгіле
кезенте

үшінші
жатқыз
1991

семина
Отырар
Ерзако

қазақ т
«Ұл
Ерзако

[20, с.
казу н
академ
дайын

басыл
ортаға
ерекше

Қаза
уақыт
тарих,

археол
менге

басыл
еткен
Ленин
Самар
Археол
сақтау

1.
prezide

2.
матери
Автор

бөліктерінің ерекшеліктері, құмыра өндірісі пен колөнері, сауда-саттықпен керуен жолдары, ақша-қаражат айналымы сипатталды. Шаһардың саулет өнері: мешіт, монша, мазар қалдықтары суреттелді [13].

Л.Б. Ерзаковичтың «Отырарда қазу барысында алынған материалдар негізінде көшпелілер мен отырықшылар арасындағы байланыс ерекшеліктерін көрсетті» [14, с. 383-390]. 1988 жылы Л.Б. Ерзаковичтың «Отырарды зерттеу негізінде ортағасырлық қаланың халқын есептеу тәсілін жасауды ұсынған мақаласы жарық көрді» [15, с. 53-58]. XI-XII ғғ. Отырардың тұрғын үйлерінің құрылымы, кейінгі ортағасырлардағы үйлерден айырмашылығы, ерекшелігі Л.Б. Ерзаковичтың хабарламасында [16, с. 177-179] қарастырылды.

1990 жылы Шымкентте облыстық тарихи өлкетану музейінің 70 жылдығына арналған конференция өтті. Онда кейінгі ортағасырлық Отырардағы қалалық тіршіліктің даму мәселелері, XVII ғ. демографиялық жағдайы қарастырылған Л.Б. Ерзаковичтің мақаласы жарияланды [17, с. 28-30]. Отырардағы көп жылдық археологиялық зерттеулерін қорыта келе Л.Б. Ерзакович ортағасырлық Отырардың даму кезеңдерін белгіледі. Археологиялық материалдар негізінде алғашқы кезеңге XI-XII ғғ., екінші кезеңге XIII - XIV ғғ. бірінші жартысының арасын жатқызылды, XIV ғ. аяғы мен XV ғ. үшінші кезеңге жатқызылды, XVI ғ. - төртінші кезеңге, XVII-XVIII ғғ. бесінші кезеңге жатқызып, ар кезеңнің ерекшеліктерін белгіледі [18, с. 177-182].

1991 ж. Алматыда ЮНЕСКО-ның Ұлы Жібек жолы жобасына сай халықаралық семинар ұйымдастырылды. Жекке еңбек болып басылған семинар тезистерінде Отырардың ортағасырлық дәуіріндегі сауда байланыстары жөнінде орыс тілінде Л.Б. Ерзакович пен М.Б. Қожанын хабарламасы [19, с. 68-69] жарияланды. Кейін оның қазақ тіліндегі нұсқасы «Жібек жолы» журналында жарияланды.

«Ұлы Жібек жолы бойындағы археологиялық ескерткіштер» атты жинақта Л.Б. Ерзаковичтың Отырар бадалындағы құрылыстар жөнінде мақаласы жарық көрді [20, с. 93-191]. 1993 жылы Л.Б. Ерзаковичтың Отырарбөледі көп бөлмелі бір үйді қазу нәтижелері баяндалған мақаласы жарық көрді [21, с. 51-57]. Ұлттық Ғылым академиясының хабарларында 1994 жылы Л.Б. Ерзакович дүние салған соң тірі кезінде дайындалған «Отүстік пен Жетісу» атты еңбегінің XIII-XIV ғғ. қалалары туралы қорытынды зерттеуі басылды [22, с. 3-15] жарық көрді. Онда Отырар материалдары негізінде кейінгі ортағасырлық қалалардағы саулет өнері, фортификация, колөнер, керамика өндірісі ерекшеліктері сипатталып баяндалды.

Қазақстанның ортағасыр археологиясы саласында Л.Б. Ерзакович 34 жылдан аса уақыт қызмет етті. Ол жұмысын лаборант қызметінен бастап III, III, V ғасырлар атындағы тарих, археология және этнография институтының, кейін Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының Қазақстандық жана құрылыс экспедициясы бөлімінің меңгерушісі қызметімен аяқтады. Қазақстанның ортағасыр археологиясы саласында басылған 6 монографиялық зерттеудің, 62 ғылыми мақала авторы, Л.Б. Ерзакович жария еткен 74 еңбектің үшеуі зерттеуші марқұм болып кеткен соң басылған екен. Олардың 4 - Ленинградта, 22 - Мәскеуде, 2 - Ташкентте, бір біреуден - Киевте, Душанбеде, Бакуде, Самарқандта жарияланды. Жарияланған жұмыстармен қатар Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында жарияланбаған археологиялық қазба есептері сақталды. Таза Отырар тақырыбында 4 монография, 41 мақала арнапты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/172189-aza-aza-stand-respublikasy-presidenti-bolasha-a-ba-dar-tukhani-zha-lyu>
2. Ерзакович Л.Б. Оседлая культура Южного Казахстана XIII-XVIII вв. (по материалам городищ Чуйской и Таласской долин, северных склонов Каратау). Автореферат кандидатской диссертации. Ленинград, 1966.

3. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1971.
4. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алма-Ата: Наука, 1972.
5. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Раскопки в северо-восточной части Отрара // В глубь веков. – Алма-Ата: Наука, 1974.С. 156–157.
6. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971–1973 годов // Древности Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1975. – С.3–48.
7. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отчет о раскопках на городище Отрар в 1974 году // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата: Наука, 1976. С. 5–35.
8. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Итоги раскопок городища Отрар в 1973–1974 гг. // Новейшие открытия советских археологов (тез. Докл. Конф.) Ч.2. Киев, 1975. С. 124–126.
9. Ерзакович Л.Б. Раскопки в восточной части Отрара (К вопросу о стратиграфии и хронологии поздних слоев) // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1980.С. 96–106.
10. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара (XVI-XVIII вв.) // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982. С. 121–136.
11. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1981.
12. Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара как источник для реконструкции этнокультурных процессов на юге Казахстана // Средневековые города Южного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1986. с. 100–111.
13. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. – Алма-Ата: Наука, 1987.
14. Ерзакович Л.Б. Особенности городской цивилизации в контактной зоне оседлой и кочевой культур (по материалам Отрара) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизации. – Алма-Ата: Наука, 1989. С. 383–390.
15. Ерзакович Л.Б. К разработке методики исчисления населения средневекового города (на примере Отрара) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук, 1988, №1. – С. 53–58.
16. Ерзакович Л.Б. Отрарский жилой дом XI – XII вв. // Маргулановские чтения. – Алма-Ата, 1989. – С. 177 – 179.
17. Ерзакович Л.Б. Динамика городской жизни позднесредневекового Отрара // Тезисы докладов научно- практической конференции, посвященной 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея. – Алма-Ата, 1990. – С. 28 – 30.
18. Ерзакович Л.Б. О периодизации развития средневекового Отрара // Маргулановские чтения. 1990. – Москва, 1992. – С. 177 – 182.
19. Ерзакович Л.Б., Ходжаев М.Б. К вопросу о торговых связях Отрара в эпоху средневековья // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. – Алма-Ата: Наука, 1991. – С. 68–69.
20. Ерзакович Л.Б. К вопросу о застройке рабада Отрара // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1993. С. 93–191.
21. Ерзакович Л.Б. Об одном типе жилого дома Отрара XVII века // Известия Национальной Академии наук РК. Серия общественных наук. № 5, 1993 – С. 51–57.
22. Ерзакович Л.Б. Города Южного Казахстана и Семиречья в XIII – XIV вв. // Известия Национальной Академии наук РК. Серия общественных наук, 1994, №4. – С. 3 – 15.